

# 14-тарау.

## Салық жүйесі мемлекет кірістерін қалыптастыру көзі ретінде



### Салықтардың экономикалық мәні және олардың белгілері

Салықтар мемлекетпен бірге пайда болды және оның бөлінбес бөлігі болып табылады. Олардың негізгі тағайындалуы – мемлекет кірістерінің көзі болу, халықаралық қауымдастықтың даму тарихында бірде-бір ел салықсыз өмір сүре алмайды, өйткені ұжымдық қажеттіліктерді қанағаттандыру жөніндегі функцияларды орындау үшін тек қана салықтар көмегімен жиналуы мүмкін ақшалай қаражаттардың белгілі сомасы қажет. Мемлекетке жүктелген функциялар көп болған сайын, ол салықтарды көп жинауы керек.

Салықтар – белгілі мөлшерде және белгіленген уақытта алынатын, заңмен қарастырылған, міндетті төлемдер.

Салықтардың экономикалық мәні мемлекеттің өз функциялары мен тапсырмаларын іске асыру үшін, заңды және жеке тұлғалармен қалыптасқан ақшалай қаржы қатынастарымен сипатталады. Бұл ақша қатынастары объективті шарттастырылған және ерекше қоғамдық тағайындалуға ие, ол – мемлекет иелігіне ақша қаражаттарын шоғырландыру.

Салықтар – мемлекеттің шаруашылық субъектілерімен және халықпен қаржы қатынасын сипаттайтын экономикалық категория, заңды және жеке тұлғалардан, азаматтар мен тұтас қоғамның қажеттіліктері үшін қайта бөлу мақсатында алынатын төлем түрінде іске асырылатын қаржы қатынастары нысандарының бірі.

Салық – өкілетті орган тұлғасында мемлекетпен бір жақты белгіленген және керекті құқықтық нысандағы мемлекеттің кірісіне шаруашылық субъектісінің белгілі мерзімде, белгіленген

мөлшерде аударатын міндетті ақшалай немесе натуралды төлемдер, олар қайтарымсыз, эквивалентсіз сипатта болады, мемлекеттік мәжбүрлеу шараларымен жүзеге асырылады.

Салық салу теориясының атасы деп Адам Смитті санайды, ол салық салудың келесі принциптерін ерекшелейді:

- жариялық тәртібі;
- біркелкілігі;
- айқындығы;
- алудағы арзандығы;
- салық салудың шаруашылық дербестігі.

Салықтың келесі белгілерін ерекшелейді:

1. Экономикалық: мүлікті иеліктен айыра отырып төлем, ақшалай нысан, қайтарымсыздық, эквивалентсіздік, салық салу субъектісі мен объектісінің болуы, мөлшер, төлеу мерзімінің тіркелгендігі, салық қатынастарының тұрақты сипаты, мемлекет кірісі.

2. Заңды: меншік нысанын ауыстыру, алу субъектісі – мемлекет, тек қана құқықтық нысанда әрекет етуі, мәжбүрлеу сипаты, ақшаны алып қоюдың заңдылығы, мемлекеттің бір тарапты шешімі, міндеттілік, тұрақты қаржы қатынастарын туындату, мемлекет алдында жауапкершілік шараларымен қамтамасыз ету, салық салуды жіктеу.

Салық – жаза немесе айыппұл емес, мүлікті тәркілеу емес, қарақшылық шабуыл немесе тонау емес. Оны заңға бағынатын адал азаматтар төлейді. Салықты төлеу кезінде, мүлікті иелікпен айыру салық төлеушінің ырықсыз жүзеге асады, яғни бір реттік сипаттағы емес, жүйелі түрдегі мәжбүрлеу орын алады. Салықтың ақшалай табиғатын, мемлекеттің салықты төлемеген жағдайда басқа мүлікке өндіріп алуды қолдана алатындығы да өзгерте алмайды.

Салық – бұл заем келісім шарты емес, дегенмен белгіленген мерзімде төлемеген жағдайда мемлекет борышкердің кредиторы деп саналады.

Салық жүйесі салықтардан басқа алымдарды, төлемдерді, бажды ұстайды.

Салық тұрақты сипатта болады, мемлекет азаматтық құқық субъектісі ретінде қатысатын азаматтық-құқықтық емес, қаржылық қатынастарды шарттастырады.

Алымдар мен төлемдер бір реттік қызметке құқық беретін бір реттік төлемдер сияқты ерікті және эквивалентті сипатта болады.

Мемлекеттік баж – бұл заңды мәні бар іс-әрекеттер жасағаны үшін немесе белгілі түрдегі құқықты растайтын құжаттарды тұлғаға бергені үшін алынатын міндетті төлем.

Айыппұлдар, өсімпұлдар, тұрақсыздық айыбы салықтар қатарына жатпайды, ол міндеттемелерді орындамаумен байланысты.

Салықтар тұлғаның өз мүлкі мен жеке қауіпсіздігін қорғау, мемлекетті қорғау үшін енгізетін төлем ретінде қарастырылады.

Тұлғалар мемлекетке өз мүлкінің бір бөлігін, оның келесі бөлігінде сенімді болуы үшін береді. Шын мәнінде салықтарды төлеу мен мемлекеттен алынатын пайда арасында ешқандай байланыс жоқ. Бұл жерде сатып алу және сатудағыдай ерікті де және еркін мәміле де жоқ. Салықтар мемлекеттің күштеу билігінің күшімен жиналады.

Салық түрі мен оның заңды нысанын міндетті төлем ретінде дұрыс анықтау тиімді инфрақұрылым мен салық төлеушінің құқық қорғауға алғы шарт болады.

Салық механизмі төмендегілерді қамтиды:

- салық төлеушіні;
- салық салу объектілерін;
- салықтар спекторы мен түрлерін;
- салық ставкасының мөлшерін;
- салықтық құқықты;
- салықтық құрылымды;
- салықтық жүйені;
- салықтық құқық қатынасын;
- салық міндеттемелерін.

Қосымша мінездемелерге жеңілдіктер, бюджет немесе қор, мерзімдер мен кезеңділік жатады.

ҚР салықтардың құқықтық негіздері болып келесілер табылады:

- заңды күші бар ҚР Президентінің Жарлықтары;

- ҚР қаржы министрлігінің нормативтік актілері;
- Бас салық инспекциясының нұсқаулық түсіндірмелік хаттары;
- ҚР Азаматтық кодексі;
- «ҚР Зейнетақымен қамтамасыз ету туралы» заңы;
- «ҚР сақтандыру туралы» заңы.

Салық экономикалық және әлеуметтік саясатты жүргізу құралы емес. Сонымен қатар оның фискалдық мақсаттарымен қатар, фискалдық емес мақсаттарын ерекшелуге болады:

1. Экономикалық саясатта – кәсіпорындарды салық жеңілдіктері есебінен жаңа техника мен технологияны ендіруге ынталандыру.

2. Аймақтық экономикалық саясатта – өнімнің жаңа түрлерін ынталандыру және қолданыстағы түрлерінің сапасын жақсарту.

3. Салалық экономикалық саясатта – экономиканың жеке тармақтарын салықтық қолдау.

4. Конъюнктуралық саясатта – экономиканың барлық салалары мен аймақтарының салық жеңілдіктері.

5. Әлеуметтік саясатта – кірістері төмен азаматтарды салықтық жеңілдіктермен қолдау.

Фискалдық емес мақсат құралдары болып инвестициялық субсидиялар, салықтардың барлық түріндегі салық салынбайтын ең төменгі деңгей табылады.

Кәсіпкерлік құрылымында заңды тұлғаларға, жеке тұлғаларға (кәсіпкерлер мен жеке тұлғалар), қарапайым азаматтарға нақты бөлу сақталуы керек. Салық заңнамасы көзқарасында белгісіз нысанда болмауы керек, өйткені әрбір тұлғаның мемлекет алдындағы құқықтар мен міндеттердің өз кешені, өз салықтық мәртебесі бар. Әрбір тұлға – белгілі типтегі салық субъектісі.

Салық заңнамасы салық төлеуші ретінде жалпы кірісті иеленетін болса, заңды немесе жеке тұлғалар тобын қарастыра алады.

Осылайша, салық салудың қаржы-экономикалық маңызы тұлғаның немесе тұлғалар тобының кірістерінің бөлігін мемлекеттің пайдасына, оның экономиканың жекелеген салалары

мен тармақтарын реттеу, кірісті кірістіліктің әртүрлі деңгейіндегі тұлғалар категориялары арасында, кірісті алу субъектісі мен мемлекет арасында қайта бөлу функцияларын ұстау үшін алуда.

Тұлға төлейтін барлық салықтардың жиынтығы салық ауыртпалығы деп аталады. Оны әртүрлі валюта сомасында және тұлғаның жиынтық кірісінің жалпы шамасындағы үлесі бойынша бағалауға болады.

Салық ауыртпалығының бір бөлігі пайдаға арғылады, яғни салық салудың сатылы жүйесі орны алады. Әрбір сатыда өзінің салық салынатын базасы анықталады және ол негізделуі керек.

1. Салық элементтеріне келесілер жатады:

- құқықтық нысан. Салық тек қана құқықтық нысанда әрекет етеді. Нормативтік актіні шығару нақты салық төлеушіде салық салынатын база болған жағдайда салық міндеттемелі туындайды. Объектіні жоғалту салық міндеттемелерінің тоқтатылуына әкеледі;

- салық субъектісі – тұлғаның салық міндеттемелерінде қарастырылған мөлшерде, тәртіп пен мерзімде салықты төлеудегі заңды міндеті жататын тұлға, салық төлеуші салықтарды төлеу бойынша міндеттемені өзінің салық өкіліне арта алады. Салық агенті – төлем көзінен салық субъектісінен салықты алуға және оны бюджетке аударуға құқылы тұлға. Агент салық төлеушінің емес, мемлекеттің салықтық өкілі болып табылады;

- салықты ұстаушы – салық салу ауыртпалығын көтеретін тұлға, сатып алушы салықты енгізу кезінде тауарлар бағасы өседі және ауыртпалық өндіруші мен сатып алушы арасында бөлінеді. Бұған аналог – дотация;

- салық объектісі – салықты есептеу мақсатында салық ставкасы қолданылатын салық салынатын база. Бұл нақты әлем заты, оның болуымен, салық міндеттемелерімен және салық мөлшерін анықтайтын сапалық мінездемемен байланысты. Сонымен салық объектісі мен пәні бірдей емес. Мысалы: мүлік салығында салық пәні – мүліктің өзі, ал салық объектісі – оған деген меншік құқығы. Мүлік ұзақ уақыт өмір сүреді, оның меншік иелері өзгереді және әрдайым меншік құқығы берілген меншік иесі төлейді. Объект тек қана салықты төлеу міндеттемесін ғана емес, оны өндіріп алу

құқығын да туындатады, ал бұл салық міндеттемесі. Осылайша, салық салу объектісі – салық салудың материалдық негізі, ал оның болуы – салықтық құқық қатынасының пайда болуының заңды шарты. Экономикалық мағынада салық объектісі – бұл мемлекеттік салықты белгілеуге негіз ретінде пайдаланылатын құбылысқа субъектінің қатынасы;

- салық көлемі – салық пәнінің сандық мінездемесі, мысалы көлік құралының қуаты. Бұл жерде салық объектісі – көлік құралына меншік құқығы, салық заты – көлік құралы;

- салық ставкасы – салық базасындағы салықтың үлесін анықтайтын салық салудың заңмен белгіленген салық мөлшері. Салық салу ставкасы салық салу бірлігі санына көбейту салық төлемдерді сапасын анықтайды;

- салық салу бірлігі – салық объектісін өлшеу бірлігі, оның көмегімен салық салынатын база анықталады, мысалы, көлік құралының 1 киловатт қуатына;

- салық салу әдісі. Тең салық салу – салық салу бірлігінен қатты сомада немесе қатты пайыздық ставкада; прогрессивті – өсетін пайыздық ставкада; регрессивті – кіріс өскенде төмендейтін пайыздық ставкада;

- салықты төлеу тәртібі – заңмен белгіленген тәртіп, оған сәйкес субъектіден мемлекетке ақшалай соманың өтуі іске асырылады; ол төлеудің мерзімі, әдісі мен нысанын қамтиды;

- салықты төлеу әдісі – салық төлеушіден салықты мемлекетке берудің заңнамамен белгіленген тәртібі. Бұл салық сомасын декларация немесе патент негізінде еркін енгізу немесе салық төлеуден жалтарған тұлғаларға салықтық хабарлама негізінде төлем көзінен салықты ұстау жолынан мәжбүрлеп алу.

Салықты төлеу мерзімі, заңнамамен анықталатын салықты төлеу мерзімі және ол салық түрі мен оны төлеу әдісіне тәуелді болады. Ерекше жағдайларда салық инспекция салық төлеушінің арызы бойынша мерзімді ұзарта алады, бірақ өсімпұлды жоққа шығармайды. Алымға, төлемге және мемлекеттік бажға мерзім белгіленбейді, оларды іске асыру механизмі алдын ала төлем кезінде анықталады;

- салықтың өту нысаны, ол салықтың нақты нысанда немесе нақтысыз есеп айырысу жолымен, сонымен қатар тыйым қойылған мүлікті сату нысанында төленетіндігінен көрінеді;
- салық жеңілдіктері – салық төлеушілерді салық ауыртпалығынан босату немесе оның салық салудың қарапайым режимімен салыстырғанда ауыртпалығын азайту. Олар келесі нысандарда көрсетілуі мүмкін:
- салық салудан босату (тұлға құқық бұзушылыққа айыпшұл санкциясынан босатылатын және бұны өзі хабарлағандағы салықтық амнистия; азаматтардың жекелеген категориялары салық төлеуден толығымен немесе бөлшекте босатылатын, салық жеңілдіктері; бұрын төленген соманы қайтару; салық объектісі құрамынан оның жекелеген бірліктері шығарылатын, салықтық алып қоюлар; салықтық демалыс – белгілі мерзімге салықтардан толық босату; пайыздық ставканы төмендету);
- салық жеңілдіктері (салық салынбайтын ең төменгі деңгейді белгілеу – салық объектісінен шегеру; инвестициялық шегерімдері – салық салынатын пайдадан шегеру; жер қойнауының сарқылуына шегерімдер; жеделдетілген амортизациялар; салық несиесі – салық міндеттемелерінің көлемін қысқарту);
- бересі – бюджетке белгіленген мерзімде енгізілген салық сомасы;
- салықты төлеу көзі – салық салынатын және салық салынбайтын болып бөлінетін кіріс. Салық салынатын салық құрамында салық салынбайтын ең төменгі деңгей бөлінеді;
- салықты белгілеу – оны міндетті төлем ретінде анықтау. Сонымен қатар төлеу субъектісі, объектісі, нысаны мен тәртібі белгіленуі керек. Заңды белгіленген салықты парламент немесе ҚР Президент анықтайды;
- салықты енгізуді парламент заң әрекеті басталған уақыттан бастап орындайды;

- салықты белгілеу нысаны – заң немесе президент жарлығы;
- салықты белгілеу кезеңі. Жобаны қаржы министрлігінің әзірлеуі, жобаны Үкімет қаулысына парламент мәжілісіне енгізу; заң жобасын парламент мәжілісіне және сенатта талқылау, заңды жариялау, заңды әрекетке енгізу;
- салық шегі - мемлекеттік бюджет арқылы қайта бөлінетін ЖІӨ-нің, одан әрі ұлғаюы салық реформалары, салық билігіне бағынбау, салық міндеттемелерін төлеуден жалтарту, капиталдың шетелге ағуы, халықтың салықтық тұжырымдары бойынша басқа заңдық үкімге ауысуы салдарынан пайда болған қақтығыстар мен толқулардан көрінетін, әлеуметтік және экономикалық қақтығыстардың күрт күрделенуіне әкелетін, үлесіне қол жеткізу; салық шегінің деңгейі әскери әрекеттер жағдайында көтеріледі;
- салықтық құқық бұзушылық – тұлғаның Салық кодексінде белгіленген нұсқауды орындамауына әкелетін қайшы әрекеті;
- салықтық қылмыс - есепке қоюдан, салық декларациясын беруден жалтарту, бұрыс ақпаратты беру, салық құпиясын жариялау, құжаттарды жоғалту және т.б.;
- салық пәні – мемлекет белгілеген салықтарды уақытылы және толық көлемде төлеу;
- салық кезеңі – салық төлеушінің салық қатынасындағы міндеттемелері анықталатын уақыт кесіндісі;
- салық міндеттемесі – салық төлеу бойынша міндеттеме, ол есептеледі және салық органы оны орындауды талап етеді;
- салықты төлеу әдісі (нақты, нақтысыз);
- баж, алым мен төлем – белгілі қызметті көрсеткені үшін мемлекеттің өндіріп алатын ақшалай сомасы.

Салықтарды келесідей жіктеуге болады:

1. Салық ауыртпалығын ұстаушыға байланысты:

- тікелей салықтар – салық ауыртпалығы салық субъектісінің өзіне түсетін және оның мүлкі азаятын салықтар. Олар

нақты және жеке болып бөлінеді. Нақты салықтар нақты кірісті есепке алмай алынады (жер, көлік, мүлік салығы). Жеке салықтар төлеу көзі болып табылатын кірісті алу кезінде төленеді, ал нақты салықтар жағдайында олардың төлеу үшін қайдан қаражат алатындығы мемлекетті қызықтырмайды.

- Жанама салықтар – салық салу субъектісі тек қана заңды төлеуші бола отырып, салық ауыртпалығын басқа тұлғаға аударады, мұнда нақты төлеуші болып тұтынушы табылады. Сондықтан тікелей салықтар сатып алуға салық, ал жанама – тұтынуға салық деп аталады.

2. Пайдалану сипаты бойынша:

- жалпы тағайындалудағы – сәйкес деңгейдегі бюджетке аумақтық жалпы ақша қоры ретінде аударылатын салықтар және бюджетті атқаруда нақты шараларға бекітусіз пайдаланылады;
- арнайы, мақсатты салықтар, олар бюджеттен тыс қорларға аударылады.

3. Салықты төлеу нысанына байланысты:

- натуралды, салықты төлеу мүлікпен жүргізіледі;
- ақшалай.

4. Субъектілер бойынша:

- жеке тұлғалардан;
- заңды тұлғадан.

5. Салық алатын орган бойынша:

- республикалық;
- жергілікті.

6. Объектінің экономикалық белгісі бойынша:


- кірістерге салықтар;
- тұтынуға салықтар;
- мүлік пен капиталға салықтар.

7. Бюджетті жоспарлау құрамы ретінде:


- кіріс көзі ретінде бюджет түріне бекітілген;
- жоғарғы тұрған бюджеттен төменгі бюджетке, соңғысын баланстау мақсатында берілетін, реттеуші.

8. Пайдаланылатын кіріс көлеміне байланысты:
  - ғалами, алу көзі мен алу тәсіліне тәуелсіз жиынтық кіріс салық салу объектісі болады;
  - салық салудың өз тәртібі қолданылатын, бөліктерге бөлінген объект ретінде жиынтық .
9. Әрбір салық салу түрінің субъект әрекетіне әсері бойынша:
  - шартты-тұрақты – өндіріс көлемі мен сату көлеміне тәуелсіз тіркелген салықтар;
  - шартты-ауыспалы, экономикалық қызметтің мониторингін жүзеге асырады.
10. Салық ставкаларын белгілеу сипаты бойынша:
  - тіркелген салық;
  - прогрессивті салық;
  - регрессивті салық.

14-суретте ҚР салық жүйесіндегі салықтар жіктемесінің сызбасы көрсетілген.



14-сурет. Қазақстан Республикасында салықтардың жіктелуі.  
Ескерту: автормен әзірленген.



### ҚР салық жүйесі: түсінігі, қалыптасуы, принциптері, құрылымы, ұйымдастырылуы

ҚР салық жүйесі осы кезеңде әрекеттегі салықтардың, олардың ставкаларын, салық салу объектілері мен төлеушілерін, төлеу шарты тәртібі мен мерзімін, есептеу және есеп әдістемесін, сонымен қатар сәйкес әкімшілік нұсқауларды көрсете отырып, заңмен белгіленген тізімін көрсетеді.

Салық жүйесі өз құрамында мемлекеттік салық қызметін қамтиды. Ол Қазақстанда Қаржы министрлігінің салық комитетімен және облыстардағы, ірі қалалардағы салық басқармаларымен, аудандар мен қалалардағы салық бөлімдермен көрсетілген.

Салық жүйесінің тағайындалуы – елдің экономикалық даму тапсырмаларын шешу, экономика құрылымын қайта құру, өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымын кеңейту, республика аймақтарының деңгейін теңестіру үшін керекті мемлекеттік қаржы ресурстарын шоғырландыруды қамтамасыз ету.

Салық қызметі салықтар және басқалай міндетті төлемдер туралы республикалық заңдардың атқарылуына жалпы мемлекеттік бақылау жасайды.

Қазақстанның салық жүйесі даму кезеңімен бірге, оның салық механизмі де жетілдірілуде.

Салық жүйесін реформалаудың бірінші кезеңі Қазақстан КСРО құрамында болған кезде «Кәсіпорындардан, бірлестіктер мен ұйымдардан салықтар туралы» Заңды қабылдауынан басталады.

Екінші кезеңі 1991 жылы 24 желтоқсанда қабылданған «ҚР салық жүйесі туралы» Заңымен ерекшеленеді. Осы заң негізінде орталықтандырылған жоспарлауды жою, Қазақстанда қабылданған тәуелсіздік негізінде баға мен сыртқы экономикалық қызметті ырықтандыру іске асырылды. Бұл Қазақстанда жаңа экономикалық жүйенің қалыптасуына серпіліс береді, шаруашылық байланыстар, инфляция мен кәсіпорындардың тізбекті төлем қабілетсіздіктерінің

алшақтығына, шет елде өткізу нарығын жоғалтумен үйлесімділікте кредиторлық және дебиторлық қарыздардың өсуіне, ел халқының төлем қабілеті бар сұранысының қысқаруына әкеледі.

Сонынан республиканың салық заңнамасына жүйелі мәні жоқ және өзінің бағыттылығы бойынша өркениет сипаты жоқ өзгерістер тұрақты түрде енгізіліп тұрды. Салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер саны өсті және заңнамаға жаңа жеңілдіктер енгізілді. Ақырында салық заңнамасы заңдар мен заңға тәуелді актілердің бір-біріне жиі қайшы келетін, қызметін қиындататын жүйесіз кедергісін сипаттады. Бұл уақытта республикада 40-тан астам салық түрі болды.

Салық реформасының үшінші кезеңі 1995 жылы 24 сәуірде ҚР Президентінің «Салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Заң күші бар жарғысын қабылданудан басталады. 1995 жылдың басында салық жүйесі өте күрделі, басқарылмайтын және тиімсіз болды, ал оның салық төлеушіге артқан салық ауыртпалығы қоғамда экономикалық қайта құрылымның тежегішіне объективті айналатындай үлкен болды, экономиканың барлық сфераларына теріс ықпал етті. Республика тарихында бірінші рет Салық кодексын қабылдағанға дейін салық заңнамасы ҚР Президентінің жарлығы мен 45 заңнан тұрды. Осы жекелеген заңды актілердің 18-і салық қатынастары жүйесін, 11-бюджеттен тыс қорлардың қызмет тәртібін, ал қалғандары салық жеңілдіктерін қолдануды реттейді. Салықтар саны 11-ге дейін қысқарды.

24.04.95 ж. Салық кодексі салық жүйесінің негізгі бағыттарының дұрыстылығын растады, қоғамның тұтас қажеттілігіне жауап берді, кәсіпорындардың тұрақты тиімді жұмысын қамтамасыз етті, пайда массасы мен бюджетке төлемдердің ұлғаюына әкелді. Дегенмен, ол жалпы халықтық талқылауда көптеген ескертулер мен ұсыныстарға әкелді. Салық төлеушілер мүдделері көзқарасында, сонымен қатар мемлекеттің де мүддесін есепке алатын салық жүйесін жетілдіру үшін аймақтық салық инспекцияларымен, Қаржы министрлігімен, парламентпен 02.11.2000 жылы жаңа Салық кодексінің жобасы әзірленді және жарияланды. Оны жалпы халықтық талқылауға

шығарды. Бұл демократияның көрініс табу актісі, құқықтық мемлекетті құрудағы жаңа қадам болды. Кодексті талқылаудың нәтижесінде оны жетілдіру бойынша мыңдаған ұсыныстар жасалынды.

Салық реформасының төртінші кезеңі деп 21.06.2001 жылғы Салық кодексін есептеуге болады. Салық кодексі халықаралық стандарттар талаптарын есепке ала отырып әзірленді. Оның құрылымы қазірге дейін сақталған, бірақ шаруашылық субъектілері мен ел халқына салық ауыртпалығын төмендететін жаңа салық жүйесін сипаттай отырып жетілдіріліп, нақтылануда.

2001 жылдан кейінгі әрбір жылда Салық кодексі Қазақстанның салық жүйесінің жаңа нұсқасын көрсетті және кезекті салық жылының қаңтар айынан желтоқсан айына дейін әрекет етті. Салық жүйесін реформалау осылай жалғастырылды. Бұл салық реформаларының маңызды әрекеті бірқатар салықтар бойынша салық ставкаларын төмендету болды, олар: корпоративтік табыс салығы, қосылған құн салығы, әлеуметтік салық және т.б. Салық саясатындағы осындай өзгерістер, оның фискалдық бағыттылығының төмендегенін, көңілді басқа функцияларға аударғандығын көрсетті. Бұл әсіресе әлемдік қаржы дағдарысы кезеңінде өзекті болып табылады:

2009 жылдан бастап әрекеттегі Салық кодексі үш бөлімнен тұрады:

1. Жалпы бөлім.
2. Ерекше бөлім.
3. Салық әкімшілігін жүргізу.

Ол 21 бөлімнен, 95 тараудан 688 баптан тұрады.

Жалпы бөлімде салық төлеуші мен салық агентінің құқықтары мен міндеттері, салық қызметінің функциялары көрсетілген, салық заңнамасына түсінік берілген.

Ерекше бөлімде салық есебінің тәртібі, салық нысандары түсіндіріледі, әрекеттегі салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді төлеу механизмі ашылады.

Үшінші бөлімде салықтық бақылау тәртібі мен салықтық әкімшілігін жүргізу нысаны, салықтық тексеру нәтижелері мен салық қызметі органдарының лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне шағымдану тәртібі түсіндіріледі.

Салықтар мемлекеттің шаруашылық субъектілері мен тұрғындармен қаржы қатынастарын сипаттайтын экономикалық категория болып табылады. Салықтардың экономикалық мазмұны олардың функцияларынан көрінеді:

1. Негізгілердің бірі болып өндірістің дамуына ықпал ететін реттеуші функциясы табылады. Бұнымен салықтардың түрлері мен нысандары, олардың ставкалары, алу әдістері, жеңілдіктер өзгереді. Бұл реттегіштер қоғамдық өндіріс құрылымы мен оның үйлесіміне, жинақтау және тұтыну көлеміне ықпал етеді. Оларды ғылыми-техникалық прогресті ынталандыруға пайдаланған тиімді. Бұл басқалармен қатар әрекет ететін экономикалық тетік.

2. Салықтардың екінші функциясы – қаражаттардың мемлекеттік бюджетке түсуін қамтамасыз ететін фискалдық. Бұл функция маңызды, өйткені мемлекеттің шығыстары мемлекеттік бюджеттегі және қоғамдық тауарлар деп аталатын қызметтерді құрайтын мемлекеттік мекемелердің барлығы үшін кіріс болады. Мемлекеттік бюджеттің ең көп үлесін салықтар алады. Салықтардың фискалдық мәні олардың көмегімен мемлекеттің орталықтандырылған ақшалай қорларынан құрылатындығынан көрінеді. Тұрақты бюджеттік кірістерді қамтамасыз ету үшін салық түрлері бойынша салықтық түсімдер көрсеткіші пайдаланылады. Салықтық түсімдер процесін бағалау тізбек бойынша жүреді: Салық салынатын кіріс → салық сомасын есептеу → салықтың аударылған сомасы → бересі.

Жалпы ішкі өнімдегі, ұлттық кірістегі салықтар үлесі, салықтық түсімдер құрылымы маңызды макроэкономикалық көрсеткіш болып табылады.

3. Қайта бөлу функциясы бір жағынан шаруашылықтың әртүрлі субъектілерінің кірістерінің бөлігін мемлекет пайдасына қайта бөлуде. Бұл функцияның көлемі жалпы ішкі өнімдегі салықтар үлесімен сипатталады. Келесі жағынан жоғарғы кірісі бартұлғалар категорияларының кірістерін төменгі кірісі барларға әлеуметтік теңестіру мақсатында қайта бөлуге көмектеседі. Осылайша қайтадан құрылған ұлттық өнімді бюджеттің кірісі және шығыс бөліктерін пайдалана отырып қайта бөлу жүзеге асырылады.

4. Салықтардың әлеуметтік функциясы әлеуметтік тепе-теңдікті жекелеген әлеуметтік топтардың кірістері арасындағы өзара қатынасты, олардың арасындағы теңсіздікті түзету мақсатында өзгерту жолымен ұстаудан көрінеді.

Мемлекетті ұлттық кірісті қайта бөлу, өндірістің құлдырауына қарсы тұру, кәсіпкерлікті дамыту үшін қолайлы жағдай құру, әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру көмегімен қаржы ресурстарымен қамтамасыз ету салық жүйесінің тапсырмалары болып табылады.

Салық жүйесінің басты функциясы фискалдық, ал қосымша функциялары – қоғамның кірістер бойынша саралауды әлсірету; өндіріс құрылымы мен көлеміне сұраныс пен ұсыныс механизмдері, ғылыми-техникалық прогресті ынталандыру, сыртқы экономикалық қызметті реттеу арқылы ықпал ету.

Салық жүйесінің тиімділігі екі фактормен анықталады:

- кірістер көздерін, оларға салық салу мақсатында, анықтаудың толықтығымен;
- салықтарды алу бойынша шығыстарды ең төменгі деңгейге жеткізу.

Тиімділік мемлекеттің салықтардан таза кіріс, яғни жалпы кіріс пен алу шығындары арасындағы айырмашылық ретінде анықталады.

Салықтық түсімдер мақсатты болып табылмайды. Еркін құқықтық мемлекетте салықтар, егер де азаматтар оларды төлеуге келіссе, түсуі мүмкін.

Егер де салықтық ставкалар деңгейі жоғары болса, оны төлеу қалауы төмендейді. Салықтар алынған кірістерді иеленуді шектейді және мемлекетке қаражаттарды беру үшін ғана емес, сонымен қатар қоғамда осы салық жылының жиынтық кірісін әділ бөлуге де қызмет етеді.

Мемлекет, салықтардың жоғарыда аталған функцияларын пайдалана отырып, салықтар жүйесін анықтайды және олардың қызмет ету механизмдерін әзірлейді, салықтар облысында жасалынған экономикалық саясатқа, дамудың әрбір нақты кезеңінде, қоғамның әлеуметтік-экономикалық мақсаттары мен тапсырмаларына бай-



ланысты әртүрлі шараларды жүргізеді. Салық жүйесі арқылы өндірістің дамуы, қоғамның еңбекке қабілетсіз мүшелерін тиімді сенімді қорғауы қамтамасыз етілуі керек.

ҚР салық жүйесі оның аумағында алынатын салықтар жиынтығын, оларды құру нысандары мен әдістерін және салық қызметі органдарын көрсетеді.

Салық салудың оңтайлылығы екі принципке негізделеді:

- пайдалылық принципі, яғни салықшамасы салықтөлеушінің мемлекет қызметінен алатын пайдасына тәуелді болады;
- қайырымдылық принципі, яғни салық ауыртпалығы салық төлеушінің әл-ауқат деңгейіне сәйкес келуі керек.

Осы екі принцип салық ставкаларының деңгейін кірістер деңгейіне тәуелділікте анықтайды.

Салықтардың барлық түрлері салық жүйесін құрайды және оның элементтері болып табылады.

Мемлекеттік бюджетке түсе отырып, салықтар иесіздендіріледі және әртүрлі мемлекеттік шығыстарды жабу үшін пайдаланылады.

Әлемдік тәжірибеде салық жүйелері белгілі принциптер бойынша қызмет етуі керек:

1. Қарапайымдылық принципі негізгі салықтар бойынша бірыңғай ставканы белгілеуді, салық салудың қарапайым тәртібін, бюджетпен есеп айырысу тәртібін жеңілдетуді, азайтуды, салық жеңілдіктерін қысқартуды, барлық шаруашылық субъектілері үшін салық салудың тең шартын талап етеді. Қарапайымдылық принцип ретінде қарапайым салық базасында есептеудің нақты алгоритмін ұстауы керек; есепті құжаттар құрылымы құжат бетіне ұтымды орналастырылған экономикалық көрсеткіштердің ең төменгі деңгейін мазмұндау керек, компьютерде өңдеуге жарамды болуы керек.

2. Әділдік принципі жеке тұлғалардың кірістерінің өсуінде салық салудың тең шарттарының бірдей жағдайларында – еңбек пен кәсіпкерлік қызметке ынтаны төмендетусіз көтеріңкі салық ставкаларын пайдалануды қарастырады.

3. Салық ставкаларын басқа елдердің салық ставкаларымен салыстыру принципі. Егер де салық ставкалары көтеріңкі болса бұл инвестициялардың шетелге ағылуына әкеледі, егер де төмен

болса, онда бюджет тапшылығы өседі және салық сомасындағы айырмашылық басқа елдердің бюджетіне түседі.

4. Салықтар жүйесін бағалау принципі салық заңнамасын тұрақты жетілдірумен тұжырымдалады және халыққа салық мәдениетін қалыптастыруды қарастырады, өйткені салықтардың атқарылмауы мемлекетті бұзады.

5. Салық ауыртпалығын бөлу тең болуы керек, өйткені әркім де мемлекеттік бюджетке өзінің әділ үлесін қосуы керек.

6. Салықтар осы елде экономикалық шешімдерді қабылдауға ықпал етпеуі керек.

7. Салық саясатын пайдаланған кезде салық салудың теңдігі және әділдік принциптерін, жеңілдіктердің ең төменгі деңгейін сақтау қажет.

8. Салық құрылымы салық саясатын тұрақтандыру мен экономикалық өсу мақсатында пайдалануға ықпал ету керек.

Төмендегідей принциптерді де атап өту керек:

- салық салудың бір дүркінділігі;
- салық салудың міндеттілігі;
- өзгермелі жағдайларға бейімделудің икемділігі мен мүмкіндігі;
- ЖІӨ қайта бөлу мүмкіндігін қамтамасыз ету;
- салықты белгілеу негізінде салық салудың анықтылығы;
- салық жүйесінің біртұтастығы;
- жариялық, яғни ағымды салық жылының Салық кодексін міндетті түрде жариялау;
- салық органдарын ұстау бойынша ең төменгі деңгейдегі шығындар.

Тәуелсіз Қазақстанның даму жағдайында шаруашылықты жүргізудің қазіргі заманғы принциптерін қалыптастыру мен енгізу үкімет шешетін басты тапсырмалар қатарына жағады.

Маңызды тапсырмалар болып шетелдік инвестицияларды тарту, екі қайтара салық салуды болдырмайтын халықаралық салық мәмілелерін бекіту, отандық кәсіпкерлердің өндірістік қызметін жандандыруға ынталандыру табылады.

Экономиканың көтерілуі кіші және орта бизнестің, экономиканың жеке секторының дамуымен байланысты, олар сұраныс пен ұсыныстың өзгерісіне тез бейімделуге және нарықты жаңа

тауарлармен уақытылы толтыруға қабілетті. Осыған байланысты кіші кәсіпкерлік үшін салық жеңілдіктерін енгізу, әсіресе жаңа техника мен жаңа технологияларды енгізушілерге салықтар бойынша дифференциаланған ставканы пайдалану керек. Қаржылық дағдарыс өндірістің құлдырауы жағдайында қызметтердің белгілі түрлерін салықтық жеңілдіктермен, несиелермен, демалыстармен көтермелеу керек.

Салық жүйесін бағалау, салық заңнамасын жетілдіру бойынша негізделген ұсыныстар, салық саясатын шетелдік тәжірибені есепке ала отырып түзету халықтық-шаруашылық мәнге ие.

Нарық жағдайында салық жүйесі маңызды экономикалық ретегіштердің бірі, экономиканы мемлекеттік реттеудің қаржы-несие механизмінің негізі болып табылады.

Салық механизмі – салық ставкаларын, салық жеңілдіктерін, салық салу әдістерін және т.б. қоса, салық салуды басқарудың құқықтық-ұйымдастыру нысандар мен әдістерінің жиынтығы. Мемлекет салық механизміне салық заңнамасы арқылы құқықтық нысан береді және оны реттейді. Салық салу механизмі салықтар мен алымдар, төлеуді белгілеу принциптерін, нысандары мен әдістерін, өзгерту мен алып тастауды және оларды төлеуді қамтамасыз ету бойынша шараларды қолдануды қамтиды.

Салық салудың бірқатар жалпы принциптерін атауға болады:

1. Бірінші дәрежелі маңызы бар салықтар ҚР Үкіметімен белгіленеді және республикалық бюджетке бағытталады.

2. Мүлік, көлік, жер салықтары жергілікті салықтар болып есептеледі және жергілікті бюджетке барады, бірақ олардың ставкасын үкімет белгілейді.

3. Салықты белгілеуде ең алдымен осы салықты төлеушілер шеңбері, көздері анықталады, салық ставкасы, салықты жинау тәртібі, салық салу әдісі (кадастрлық, декларациялық, нақтысыз) анықталады.

4. Салық салудың бір объектісіне әртүрлі екі салықтың салынуы мүмкін емес.

Салық салудың кадастрлық әдісі жерге және мүлікке салық салуда қолданылады. Сонымен қатар бағалау арнайы салықтық бағалаушылармен жүргізіледі және хабарлама беріледі.

Салық салудың декларациялық әдісі салық органдарына салық төлеушінің кірісті алуы туралы ресми арызы – декларацияны беруін қарастырады.

Нақтысыз әдіс есеп-қисап бөлімінің заңды тұлғаның төлем көзінен (жалақы, пайыздар, дивидендтер) салықтарды ұстауын тұжырымдайды.

ҚР салықтардың келесі түрлері ықпал етеді:

- корпоративтік табыс салығы;
- жеке табыс салығы;
- қосылған құн салығы;
- акциздер,
- экспортқа рента салығы;
- жер қойнауын пайдаланушылардың арнаулы төлемдері мен салықтары;
- әлеуметтік салық;
- көлік құралы салығы;
- жер салығы;
- мүлік салығы;
- ойын бизнесі салығы;
- тіркелген салық;
- бірыңғай жер салығы;

Бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер:

- алымдар:
- тіркеу алымдары;
- автокөлік құралының Қазақстан Республикасы аумағымен жүргені үшін алым;
- аукционнан алынатын алым;
- жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым;
- телевизия және радио тарату ұйымдарына радиожилік спектрін пайдалануға рұқсат беру үшін алым;
- төлемдер:
- жер учаскесін пайдаланғаны үшін;
- үстіңгі көздерден су ресурсын пайдаланғаны үшін;
- қоршаған орта эмиссия үшін;
- жануарлар әлемін пайдаланғаны үшін;

- орманды пайдаланғаны үшін;
- ерекше қорғалатын табиғи аумақты пайдаланғаны үшін;
- радио жиілік спектрін пайдаланғаны үшін;
- қалааралық (немесе) және халықаралық телефон байланысын, сондай-ақ ұялы байланысты бергені үшін;
- кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін;
- сыртқы (көрінетін) жарнаманы орналастырғаны үшін төлемақылар қолданылады.

Көріп отырғанымыздай ҚР 2009 жылғы салық жүйесі 13 салықтан, 5 алымнан, 10 төлем мен 1 бажды қамтиды.

Корпоративтік табыс салығы – бұл заңды тұлғаның жиынтық жылдық кірістері мен шегерім айырмасы ретінде табылатын пайдасына салынатын салық. Салық салу объектісі болып салық салынатын кіріс; төлем көзінен алынатын кіріс, резидент-заңды тұлғаның таза кіріс табылады. Салық ставкасы-15%, заңды тұлға бейрезиденттің таза кірісіне ставка-қосымша 15 %.

Жеке табыс салығы жеке тұлғалардан төлем көзінен салық салынатын және салық салынбайтын кірістерінен алынады. Салық ставкасы-10%, дивиденд бойынша-5%. Қосылған құн салығы салық салынатын айналым мен салық салынатын импортқа салынады. Салық ставкасы-12%.

Акциз салығы спирттің барлық түрін, ішімдік өнімдері, темекі өнімдері, бензин мен дизельді отын, жеңіл автокөлік, шикі мұнай және газ конденсатын қамтитын акцизделетін тауарларға белгіленеді. Сонымен қатар тауардың натуралды бірлігіне теңгеде тіркелген ставка және тауар құнына процентпен адвалорлық деп белгіленеді.

Экспортқа рента салығы салық кестесіне сәйкес экспортқа өткізілетін шикі мұнай, газ конденсаты және көмір құнына пайызбен белгіленеді. Баррельге әлемдік баға жоғары болған сайын алу пайызы жоғары болады (көмір бойынша ставка-2,1%)

Жер қойнауын пайдаланушыларға салықтар қол қойылатын бонусты, коммерциялық табу бонусын, тарихи шығындарды өтеу бойынша төлемдерді, пайдалы қазбаларды өндіру салығын, үстеме пайда салығын, ал келісім шартты қызметте - коорпоративтік табыс салығын қамтиды.

Әлеуметтік салық жұмыс берушілер жұмысшылардың жалақы қорына пайызбен 11% ставкада төлейді. Сонымен қатар оның сомасынан 4% мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына, ал 7%-мемлекеттік зейнетақы қорына аударылады.

Көлік құралы салығын меншік құқығында автокөлігі бар жеке және заңды тұлғалар, оның айлық есепті көрсеткіштегі техникалық параметрлеріне тәуелді төлейді.

Жер салығын жер телімдерінің иелері бонитет балы мен жер телімінің орналасқан жеріне тәуелді жер категориялары бойынша жер ауданының бірлігіне теңгедей төлейді.

Мүлік салығын меншік құқығында мүлкі бар жеке және заңды тұлғалар төлейді. Заңды тұлғалар үшін-1,5%, жеке кәсіпкерлер үшін салық салу объектілерінің орташа жылдық құнына-0,5%, жеке тұлғалар үшін – салық салу объектісі құнына байланысты салық кестесі бойынша.


Ойын бизнесіне салық ойынханалардың ойын столдарына, ойын автоматтары залына, тотализаторлар кассаларына, букмекерлік кеңсе кассаларына, айлық есептік көрсеткіште белгіленеді. Тіркелген салық бильярд столдарында, боулингтің ойын жолдарына, ұтыссыз ойын автоматтарына, картингтерге, ойын үшін дербес компьютерлерге айлық есептік көрсеткіште белгіленеді.

Бірінғай жер салығы шаруа қожалықтарына телім ауданына байланысты жер телімінің құнына пайызбен белгіленеді.

Арнайы салық режимі кіші бизнес субъектілері үшін патент негізінде, шаруа қожалықтары үшін ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруші заңды тұлғалар үшін жеңілдетілген декларация негізінде белгіленеді.

Салық жүйесінің нормативік негізі болып табылатын Салық кодексінде әрбір салық үшін белгіленетін ақпарат келтірілген:

- салық декларациясы;
- төлеушілер;
- салық салу объектілері;
- салық ставкалары;
- салық кезеңі;
- салықты есептеу тәртібі;
- салықты төлеу мерзімі.



### Салық саясаты мемлекеттің қаржы саясатының бөлігі ретінде

Мемлекеттің нарықтық экономикаға ықпал ететін көптеген экономикалық тетіктерінің ішінде салықтар маңызды орын алады. Салық жүйесі маңызды экономикалық реттегіштердің бірі, экономиканы мемлекеттік реттеудің қаржы несие механизмінің негізі болып табылады.

Мемлекет салық функциясын пайдалана отырып, ел экономикасының дамуының нақты кезеңінің әлеуметтік-экономикалық мақсаттарына тәуелділікте әзірленген экономикалық саясатқа сәйкес салық жүйесін анықтайды және олардың қызмет ету механизмін әзірлейді. Сондықтан салық саясаты мемлекеттің қаржылық және экономикалық саясатының құрамдас бөлігі ретінде салықтар жүйесін, салық ставкаларын, салықтардың қызмет ету механизмін, олардың аймақ экономикасына әсерін әзірлеуден көрініс табады. Салық жүйесі арқылы жекелеген салалардың дамуы үшін ынтаны қамтамасыз етуге, қоғамның әлеуметтік тапсырмаларын шешуге болады.

Мемлекет салық саясатын нарықтың негативті құбылыстарына ықпал етудің белгілі реттеушісі ретінде кеңінен пайдаланады. Салықтар салық жүйесі сияқты нарықтық жағдайда экономиканы басқарудың күшті құралы болып табылады. Жоғарғы салық ставкалары жағдайында салық факторын бұрыс және жеткіліксіз есепке алу қолайсыз жағдайларға әкелуі немесе тіптен кәсіпорынның банкроттыққа әкелуі мүмкін.

Салық заңнамасымен қарастырылған жеңілдіктер мен шегерімдерді дұрыс пайдалану, алынған қаржы жинағының сақталуын қамтамасыз етуге, қызметті кеңейту үшін салықтардан үнемдеу есебінен жаңа инвестиция жасауға мүмкіндік береді.

Салықтарды пайдалану басқару мен жалпы мемлекеттік мүдделердің кәсіпкерлердің коммерциялық мүдделерімен өзара байланысын қамтамасыз етудің экономикалық әдістерінің бірі болып табылады.

Салықтар арқылы кәсіпорындар мен халықтың мемлекеттік бюджетпен қарым-қатынасы іске асырылады. Салықтардың көмегімен шетелдік инвестицияларды тартуды қоса сыртқы экономикалық қызмет реттеледі, кәсіпорын пайдасы қалыптасады.

Салықтар көмегімен мемлекет өз иелігіне өз функцияларын орындауға қажетті ресурстарды алады, әлеуметтік қамтамасыз ету бойынша шығыстар қаржыландырылады, кірістерді адамдар арасында түпкілікті бөлу анықталады.

Салықтардың нарықтық экономиканы реттеуші, салықтар арқылы экономиканың басымдықты салаларын марапаттау мен дамыту ретіндегі рөлі мен мәні күрт өседі және мемлекет ғылыми сыйымды өндірісті дамыту саясаты мен зиянды кәсіпорындарды таратуды жүргізе алады.

Салық саясатының негізгі бағыты болып мемлекет пен салық төлеушілер арасындағы қатынасты сипаттайтын салықтарды анықтау табылады. Салық жүйесі арқылы өндірісті дамыту қамтамасыз етіледі, елде экономикалық өсу жүзеге асырылады, қоғамның еңбекке қабілетсіз мүшелері қорғалады.

Салық саясаты – бұл мемлекеттің салықтар обылысындағы әрекет желісі. Ол стратегиялық және тактикалық болуы мүмкін.

Салық саясаты – мемлекеттің экономикалық саясатын салық құралдары, салық ставкалары, жеңілдіктер және т.б. көмегімен жүзеге асыру. Салық саясаты мемлекеттің экономикаға ықпал ету деңгейін сипаттайды.

Салық саясаты – салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің жаңасын белгілеу және әрекеттегісінің күшін жою. ставкаларды, салық салу объектілері мен салық салумен байланысты объектілерді, салықтар және бюджетке басқалай да міндетті төлемдер бойынша салық базасын мемлекеттің қаржылық қажеттіліктерін қамтамасыз ету мақсатында, мемлекет пен салық төлеушілердің экономикалық мүдделерінің балансын сақтау негізінде өзгерту шараларының жиынтығы.

Салық саясатының активті және пассивті типін ерекшелейді.

Салық саясатының активті типі мемлекеттің өндірістік ресурстарды экономиканың жеке секторына орналастыру мен экономикалық циклды реттеу процесінде араласуын білдіреді.

Салық саясатының активті типінде жоғарғы номиналды, сонымен қатар прогрессивті салық ставкалары белгіленеді және салық жеңілдіктерінің кең спекторы ұсынылады.

Салық саясатының пассивті типімен мемлекеттің ресурстарды жеке секторға орналастыруға араласуын ең төменгі деңгейге жеткізуді қарастырады. Бұл жерде ұсынылатын салық жеңілдіктерін бір мезгілде маңызды шектелуінде номиналды салық ставкаларының маңызды төмендеуі орын алады.

ҚР салық саясаты бірте бірте активтіден пассивті типке өтуде.

Бұл жағдайда мемлекеттің міндеті өндірістің өсуінің дамуын ұзақ мерзімді ынтасын құруға ықпал ететін салық ставкасын қалыптастыру.

ҚР әрекеттегі салық саясаты салық ставкаларын төмендетуге, отандық өндірістің құлдырауына, оның құрылымының нашарлауына, капиталдың шетелге кетуіне, шаруашылық өмірдің қылмыстанылуына, көлеңкелі экономиканың күшеюіне қарсы тұруға бағытталған; қазақстандық тауар өндірушілердің ішкі және халықаралық нарықтағы позициясын күшейтеді, салық салудан жалтаруға кедергі келтіреді, көлеңкеден шығуға ықпал етеді.

Аймақтық дамуда салықтық реттеу құралдарының тиімділік дәрежесін ел аймақтары мен салық төлеушілер сезініп отырған жоғалтулар шамасымен анықталады.

Егер де халық пен кәсіпорындар енгізілген салықтар мен салық ауыртпалығының салдарынан тұтынуды шектесе аймақтар салықтық шығындарға ұшырайды, ол өткізу көлемі мен пайданың төмендеуіне әкеледі, соның салдарынан салықтық түсімдер қысқарады.

Егер де өзгерістер нәтижесінде, олар қалаған бизнесте салық ауыртпалығы ұлғайса, салық төлеушілер шығынға ұшырайды, олар ол іспен айналыса алмайды немесе шикізатты бағаның жоғары болуынан сатып ала алмайды.

Тиімді салықтық реттеуде мемлекет, аймақтар мен салық төлеушілер үшін жоғалтулар маңызды емес.

Салықтық реттеу құралдарын қалыптастыруда тек қана салық төлеушілердің ғана емес, мемлекеттің де мүдделерін есепке алу керек.

Салықтық реттеудің тиімділігі келесі жағдайларды сақтаудан тәуелді болады:

- қолданылатын салық құралдарының мемлекеттің мақсаттары мен тапсырмаларына сәйкес келуі;
- қолданылатын салық құралдарының ұлттық және аймақ экономикаларының деңгейіне және аймақ тұрғындарының өмір сүру деңгейіне сәйкес келуі;
- өндіріс факторларының бағаларын бұрмалайтын салықтардың көп болуының мақсатты емес екендігін сезіну;
- салық құралдарын экономиканың әлеуметтік маңызы бар сфераларында кәсіпкерлік қызмет пен инвестициялық белсенділікті ынталандыру үшін және аймақтардың жеке жеткіліктілігіне қол жеткізу үшін түзету;
- мемлекет, аймақтар мен салық төлеушілер мүдделерінің балансын қамтамасыз ету.

Салықтар ресурстарының барлық түрлерін бөлуге және салық төлеушілер қызметінің тиімділігіне ықпал етеді, сондықтан Қазақстан аймақтарының әлеуметтік-экономикалық дамуын салықтық реттеудің тиімділігі аймақтардың қызметінің негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерінде сипатталады. Салық саясаты шеңберінде үнемі жеңілдіктер жүйесі түрлендіріледі, инвестициялауды жүзеге асыратын кәсіпкерлердің жеке бастамасы мен қаржылық қолдау ынталандырылады. Өнеркәсіптің жоғарғы үлесті өндіруші мен экспортқа бағытталған салалары және дамыған нарықтық инфрақұрылымы бар аймақтарында салық факторы инвестицияларды таратуда маңызды рөл атқармайды.

Қазақстанның салық саясаты елдің ұлттық байлығын өсіруге, оның азаматтарының әл-ауқатын көтеруге бағытталған. 2009 жылдың Салық кодексі корпоративтік табыс салығының 30%-дан 15 %-ға, ҚҚС-12 %-ға дейін, басқа салықтар бойынша салық ауыртпалығының төмендетілгенін, салықтық есептіліктің жеңілдетілгендігін көрсетті.

Қазақстанда салық жүйесін реформалау жалғасуда, Қазақстанды әлемнің бәсекеге қабілетті елдері қатарына айналдыруға бағытталған жана жетілдірілімдері қалыптасуда.

ҚР тәуелсіз мемлекеттің бюджетін бюджеттік толықтыруды қамтамасыз ететін салық саясатының негізгі мақсаттары мен тапсырмаларына келесілер жатады.

- бюджетке түсімдердің баламалығы, яғни салықтық түсімдер кәсіпкерлік белсенділікті тұншықтырмай, мемлекеттік шығындарды керекті деңгейде қамтамасыз етуге жеткілікті болуы керек;
- экономикалық бейтараптық, яғни тұтытудағы өндірістік қажеттіліктерді шығара отырып, тұтынудың барлық нысандарына жанама салықтарды пайдаланудың біркелкілігі;
- жинақтар мен инвестицияларға кедергінің болмауы;
- салық әділділігі, ол көлденең және тік аспектіде болады; көлденең аспекті экономикалық қарым-қатынасқа қатысушылардың барлығына заң эрекетінің бірдей екендігін, ал тік-жекелеген қатысушыларға есепке алудың қарым-қатынасқа қатысушылар тарапынан негативті реакциясына ықпал етеді: олар төмен болған сайын, олардан жалтару қажеттілігі аз болады;
- түсініктілік пен салық заңдарының қарапайымдылығы, олардың тұрақтылығы;
- салықтар санын қысқарту, оларды алу тәртібін жеңілдету;
- инвестиция көлемін ұлғайтуға, ғылыми-техникалық прогрессті жеделдетуге мүмкіндік беретін жалпы салық ауыртпалығын төмендету.

Салық жүйесін ырықтандырумен қатар салық саясатының тапсырмалары деп келесілерді есептеу керек:

- жергілікті органдарды қажет көздермен үлестендіру;
- салықты есептеу және төлеу дұрыстығына тиімді бақылау жүйесін құру;
- салық санын, салық ауыртпалығының жалпы мөлшерін төмендету;
- салық әкімшілігін жүргізуді қатандату;
- кірістерін салық салудан жасыратындармен күресті күшейту;
- ҚР Салық кодексінің сапасы туралы пікірлерді жинақтау;
- салықтарды есептеу механизмі мен автоматтандырылған жинауды жетілдіру;

- салық төлеушілерді салық мәдениетінің жоғарғы деңгейін тәрбиелеу.

Ұлттық салық саясатын әзірлеуде тек қана ішкі емес, сыртқы факторларды да есепке алу керек: елдегі және контрагент-елдердегі салық климатының жағдайы, қазіргі заманғы салық теориясы, елде және шет елде салық реформасын жүргізу тәжірибесі.

Қазақстан қазіргі уақытқа дейін халық шаруашылық байланыстар жүйесіне интеграциялау салдарынан жоғарғы салықты юрисдикция болып келді.

ХСҰ ену салықтық үйлестіру, отандық салық саясатын басқа елдердің салық саясатымен үйлестіру, салық салу деңгейін жақындату, салық базасын анықтау әдістері, ұсынылатын салық жеңілдіктері сипаты, салықтарды алу тәртібі, салық жүйелері құрылымы, салық шекараларын жеңілдету, екі қайтара салық салуды жою, пайдаға салық салудың бірінғай тәртібін енгізу, бухгалтерлік және салық есебіне келісу, қаржы менеджменті бағытты ретінде салық менеджменті бағытты ретінде салық менеджментін әзірлеу тапсырмаларын қояды.



#### Бақылау сұрақтары:

1. Салықтың экономикалық мәні мен оның белгілерін ашыңыз.
2. Салықтың элементтерін атаңыз және оларға мінездеме беріңіз.
3. Қазақстанда салық жүйесінің қалыптасу кезеңдерін атаңыз.
4. Салық жіктемесін келтіріңіз және олардың ерекшеліктерін атаңыз.
5. «Салық жүйесі» түсінігіне анықтама беріңіз және оның қызмет ету принциптерін атаңыздар.
6. Республикадағы әрекеттегі салықтарды, алымдарды, төлемдер мен баждарды атаңыздар.
7. Салық саясатына анықтама беріңіз, оның мемлекеттің экономикалық қызметіндегі орнын көрсетіңіз.
8. Салық саясатының типтерін атаңыздар және оларға мінездеме беріңіз.
9. Салықтық реттеу параметрлерін және оның ел экономикасындағы мәнін анықтаңыз.
10. Қазақстанның ХСҰ енуі елдің салық саясатының алдына қоятын тапсырмалары қандай?